

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 6

05.01.2026.ж

«МКҚК №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында Педагогикалық әдеп туралы» «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасына сәйкес, және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы, 16 бабы, 2020 жылдың 11 мамырдағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің №190 бұйрығы, 2020 жылғы 09 қыркүйектегі КББ-нің «Педагогикалық әдеп туралы» №562 бұйрығы негізінде

Бұйырамын:

1. МКҚК №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы келесі тізімде бекітілсін:

Төрайымы:

1.1. Алпысбаева С.А. -№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

Кеңес мүшелері:

1.2. ҚББ-нің бекітілген қызметкері

1.3. Сарлыбаева М.Т.- -№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

1.4. Қуандыкова К. – қоғамдық бірлестік өкілі

1.5. Абдуллина Н.Т. -№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының әдіскері

1.6. Қуантай А.Ж. -МДҰ-ның психологі

1.7. Сүленова А.К.-б/б-ның тәрбиешісі

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы психологі Қуантай А.Ж тағайындалсын.

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №190 бұйрығы және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізге алынсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарын өзіме қалдырамын.

№8 «Балбөбек» МДҰ мектеп директоры



Р.Т. Бисенова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің құрамы:

1. **Кеңес төрағасы:** Алпысбаева С.А.-№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері
2. **Кеңес мүшелері:**
 - ҚББ – нің бекітілген қызметкері
 - Сарлыбаева М.Т. -№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткер педагог
 - Қуандыкова К. – қоғамдық бірлестік өкілі
 - Абдуллина Н.Т. – -№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының әдіскері
 - Кеңес хатшысы – Қуантай А.Ж.
 - Сүленова А.К – МДҰ тәрбиешісі

Мақсаты: Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту. 2. Кеңестің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 3. Қазақстан Республикасының педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру.	Қаңтар	Кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі, педагогтер
2	1. «Педагогтің кәсіби мәдениеті және қарым-қатынас әдебі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу. 2. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды зерттеу және талдау.	Мамыр	Кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі, педагогтер, психолог
3	1. «Ата-ана – педагог – бала: тиімді қарым-қатынас негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу. 2. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу.	Қыркүйек	Кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі, педагогтер, психолог
4	1. Педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдау. 2. Кеңестің жылдық жұмыс қорытындысын шығару. 3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар әзірле	Желтоқсан	Кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі, педагогтер

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 21 қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы
Қатысқандар: 9 адам
Қатыспағандар: 0 адам

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.
2. Кеңестің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Қазақстан Республикасының Педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Р.Т. Бисенова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы білім беру ұйымындағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауына және қызметтік қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге бағытталғанын атап өтті. Кеңестің жаңа құрамымен таныстырып, әр мүшенің міндеттері мен жауапкершіліктеріне тоқталды. Сонымен қатар кеңес мүшелеріне педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу, туындаған мәселелердің алдын алу және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру міндеттері жүктелетінін айтты.

Кеңес мүшелері кеңес құрамын қолдап, алдағы уақытта педагогикалық әдепті сақтау бағытында бірлесіп жұмыс жүргізуге дайын екендіктерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша: Кеңес төрағасы Сүленова А.К. 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогикалық әдепті насихаттау, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайту, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған іс-шаралар қамтылғаны айтылды. Әр тоқсанға жоспарланған жұмыстардың мақсаты мен күтілетін нәтижелері түсіндірілді.

Педагогтер жоспарға енгізілген іс-шаралардың өзектілігін атап өтіп, жоспарды толық көлемде жүзеге асыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.


Үшінші мәселе бойынша: Кеңес төрағасы Қазақстан Республикасының Педагогикалық әдеп қағидаларының негізгі талаптарымен таныстырды. Педагогтердің кәсіби қызмет барысында әдеп нормаларын сақтау, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық пен төзімділік таныту, педагог мәртебесін жоғары ұстау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, қызметтік әдепті сақтау және әлеуметтік желілердегі мінез-құлық мәдениеті туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Педагогтер әдеп қағидаларын сақтау білім беру ұйымындағы жағымды ахуалды қалыптастырудың маңызды шарты екенін атап өтіп, қойылған сұрақтарына жауап алды.

Қаулы етеді:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Кеңестің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын барлық педагогтердің басшылыққа алуы қамтамасыз етілсін.
4. Жыл бойы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:



Алпысбаева С.А

Хатшы:



Куантай А.Ж.

№8 «БАЛБӨБЕК» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: №8 «БАЛБӨБЕК» мектепке дейінгі ұйымы

Қатысқандар: 10 адам

Қатыспағандар: 0 адам

Күн тәртібі:

1. «Педагогтің кәсіби мәдениеті және қарым-қатынас әдебі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.
2. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды зерттеу және талдау нәтижелері.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Кеңес төрағасы Сүленова А.К сөз сөйлеп, педагогтің кәсіби мәдениеті білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі екенін атап өтті. Педагогтің кәсіби мәдениеті оның сыртқы келбетімен ғана емес, сөйлеу әдебімен, қызметтік жауапкершілігімен, әріптестерімен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас жасау шеберлігімен айқындалатынын айтты.

Дөңгелек үстел барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, педагог мәртебесін көтеру және ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту мәселелері талқыланды. Педагогтердің кәсіби қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайлар қарастырылып, оларды әдеп нормаларына сәйкес шешу жолдары ұсынылды.

Педагог-Утепбергенова Ж.Б педагогтің кәсіби мәдениеті мен қарым-қатынас әдебінің тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуына және ата-аналармен тиімді байланыс орнатуға ықпал ететінін атап өтті. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби этика талаптарын сақтау жөнінде пікір алмасты.

Екінші мәселе бойынша: Психолог Қуантай А.Ж. ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды зерттеу нәтижелері туралы ақпарат берді. Зерттеу сауалнама, әңгімелесу және бақылау әдістері арқылы жүргізілгенін хабарлады.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұжымда өзара құрмет пен ынтымақтастықтың қалыптасқандығы, педагогтер арасында қолайлы жұмыс атмосферасы бар екендігі анықталды. Қызметкерлердің көпшілігі ұжымдағы қарым-қатынасқа қанағаттанатынын білдірген. Сонымен қатар эмоционалдық күйзелістің алдын алу, бірлескен іс-шараларды көбейту және корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша ұсыныстар айтылды.


Кеңес мүшелері зерттеу нәтижелерін талқылап, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау мен нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін атап өтті.

Қаулы етеді:

1. «Педагогтің кәсіби мәдениеті және қарым-қатынас әдебі» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің материалдары педагогтердің күнделікті жұмысында басшылыққа алынсын.
2. Педагогтердің кәсіби этика мен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту бойынша психологтың ұсыныстары назарға алынсын.

4. Қызметкерлер арасында өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасына жүктелсін.

Кеңес төрағасы:



Алпысбаева С.А.

Хатшы:



Серіккалиева Л.М.